

## 1-апта

### №1-2 Дәріс тақырыбы Грамматика теориясының негіздері пәніне кіріспе

1. Грамматика теориясы туралы
2. Грамматика теориясының негіздері, зерттеу нысаны

1. Грамматика гректің сөзі *grammatike* (е-нің үстінде сызықша бар) – жазба, жазу мағынасын білдіреді, *tike techné* сөзінен шыққан, мағынасы – өнер «art», сонда грамматика – жазу өнері. Грамматика дегеніміз не? «What aspects of a language constitute its grammar?»

Қ Жұбанов: «Грамматика сөз құраудың (речь) техникасын, әдісін қарайды». К Ахановтың анықтауында (1974): «Грамматика тілдегі грамматикалық единицаларды және ол единицалардың әрі басын қосып ұйымдастыратын, қатынас жасауда іске жарататын, әрі олардың бір-бірінен жігін ажырататын тәсілдерді, құралдарды зерттейді» (6-б). Грамматика - «сөздердің түрлену жүйесі мен грамматикалық мағыналарын, олардың арасындағы байланыс пен қарым-қатынастарды, сөйтіп сөздердің тұлғалану ерекшеліктерін, сөздердің бір-бірімен тіркеске түсіп, сөйлем құрау сияқты қасиеттерін қарастырады» (Қазақ грамматикасы. Астана 2000 410-б)

Грамматика дегеніміз не деген сұраққа Наом Хомский мен Моррис Халлдың жауаптары өзгеше. Олар 1968 жылы жазған (В.Г.Адмони, Аханов еңбектерімен тұстас) «Ағылшын тілінің дыбысталу тәртібі» кітабында былайша жауап берген: «Біз «грамматика» терминін жүйелі түрде анықтай алмаймыз. Бір жағынан, бұл - сөйлеушінің құзыреттілігін сипаттау мақсатында ұсынылған әрі лингвист ойлап тапқан теория. Екінші жағынан, бұл - құзыреттіліктің өзі» ([http://lib.kaznau.kz/Res/ebook\\_27/index.html#ps](http://lib.kaznau.kz/Res/ebook_27/index.html#ps)) Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе [мәтін] / ауд. М.Жаңабекова, Б.Мизамхан, Ұ.Ісләмова // Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық. - Алматы, 2018). Грамматиканы сипаттау сөйлеуші тұрғысынан, соның құзыреттіліктері тұрғысынан қарастырылады. Әрі лингвист ойлап тапқан теория. «Біздің ойымызша, грамматика дегеніміз сөйлеушінің өзі тіл туралы ережелерді білуі, яғни оның қатарына сөздердің дыбыстық құрылымы (фонология), сөзжасам ережелері (морфология), сөздер мен сөз тіркестерінің байланыстыру ережелері (синтаксис), мағынаны анықтау туралы ережелері (семантика) жатады. Яғни тілдегі сөздер жиынтығы біздің лингвистикалық құзыреттілігімізді көрсетеді. Тілдің табиғатын түсіну үшін грамматика ережелерін түсіну қажет. Спикердің/сөйлеушінің тілдік қабілетінің деңгейін лингвист белгілі бір үлгі арқылы түсіндіре алса, бұл грамматика мен тілді табысты сипаттау болып саналады. Мұндай үлгілер *deskriptivті* немесе *сипаттамалы* грамматика деп аталады» (авторлар).

D. J. Allerton **Essentials of grammatical Theory** A Consensus View of Syntax and Morphology (1979). «Тілдің екі деңгейлі семиотикалық жүйе екенін, оның мазмұн бірліктері мен жеткізу бірліктері үшін бөлек талданғанын көрдік: оның мағыналы мазмұн бірліктері (белгілер) және мағынасыз жеткізу бірліктерінің (фигуралар) жиынтығы бар, әрбір жиынтықтың әрқайсысының өз құндылықтары мен қатынастары жүйесі бар. Хокетт (1958: 575f.) мазмұн бірліктерінің деңгейін "плерематикалық" "plerematic" деп атайды, оның минималды бірліктері "плеремалар" "pleremes" *walk, the* сияқты элементтердің екеуін де және субъект-етістік-объект сияқты грамматикалық үлгілерді де қамтиды. Ол жеткізу бірліктерінің деңгейін «сценатический» деп сипаттайды, оның минималды «сценемалар» бірліктері (қараңыз. Хельмслевтің «фигуралары»), бір жағынан фонемалар, интонациялық үлгілер және т.б., екінші жағынан әріптер («графемалар»), тыныс белгілері, т.б. жатады.

Плерематикалық деңгей, яғни мағыналы бірліктерді зерттеу, негізінен грамматика (немесе синтаксис), лексика (немесе сөздік қор) және семантика салаларына бөлінеді. Алдымен біз бұрын сөз еткен грамматика мен семантика арасындағы байланысты қарастырайық (2-тарауда). Екі салада да маңызды концепт - бұл минималды плерематикалық бірлік, яғни минималды мағыналы бірлік немесе МОРФЕМА. Морфеманың қиындықтары жоқ емес (осы мақаланың келесі бөлімінде көреміз). тарау),

бірақ оны грамматикада да, семантикада да фундаменталды бірлік ретінде қарастыруға болады.

We have seen how language is a two-level semiotic system, being analysable separately for content and expression units: it has a set of meaningful content units (signs) and a set of meaningless expression units (figurae), each set with its own system of values and relations. Hockett (1958: 575f.) refers to the level of content units as "plerematic", with its minimal units "pleremes" apparently embracing both items like walk, the and grammatical patterns like subject-verb-object. The level of expression units he describes as "cerematic", with its minimal units "ceremes" (cf. Hjelmslev's "figurae") presumably including phonemes, intonation patterns, etc., on the one hand, and the letters ("graphemes"), punctuation etc. of written language, on the other.

The division into plerematic and cerematic is in many ways the easiest division to make, although no ready terms to refer to it spring to mind apart from Hockett's. The plerematic level, the study of meaningful units, is generally subdivided into the areas of grammar (or syntax), lexis (or vocabulary) and semantics. But the precise relation of these subfields to each other and to plerematics as a whole is by no means clear: there is some overlap, and some areas are apparently left uncovered.

Let us consider first the relationship between grammar and semantics, which we touched on earlier (in chapter 2). A vital concept in both fields is the notion of a minimum plerematic unit, i.e. a minimum meaningful unit, or MORPHEME. The morpheme is not without its difficulties (as we shall see in the next section of this chapter), but it may be regarded as a fundamental unit in both grammar and semantics.

Грамматика саласы тілдің грамматикалық құрылысын зерттейді. Грамматикалық құрылыс дегенміз не? Тілдегі грамматикалық амалдар мен тәсілдердің жиынтығы *грамматикалық құрылыс* деп аталады. Грамматикалық құрылыстың тіреуі сөз бен сөз тіркесінде жатыр. Осыған орай грамматика ғылымы *морфология және синтаксис* салаларына бөлінеді. Морфология сөзді және сөздің формаларын зерттейді. Морфология сөздердің түрлену, өзгеру жүйесі мен қызметін анықтағанда олардың іштей жүйелік салаларын айқындап алып, әрқайсысына лайық грамматикалық мағыналар мен грамматикалық формаларды талдап, тиісті грамматикалық категориялардың сыр-сипаттарын ашады. Осындай талдаулардың нәтижесінде морфология сөздердің жасалу, түрлену, өзгеру жүйесін, сөз таптарына бірігу ерекшеліктерін саралайды. Синтаксис сөз тіркесі, сөз тұлғалары мен сөйлем құрылысын зерттейді. Сөздер белгілі бір жүйе бойынша тіркеседі де, сөйлемдер белгілі бір заңдарға сәйкес құрылады.

Гр құрылыстың тіреуі сөз бен сөз тіркесі деп аталғанымен, грамматиканың бірліктеріне нелер жатады деген сұраққа тек екеуін ғана атау кездеспейді. Мәселен, К. Аханов грамматикалық негізгі единицалар деп морфеманы, сөзді, сөз тіркесін және сөйлемді атаған.


Тілдің грамматикалық құрылысы сөздік құраммен тығыз байланыста болады деген келесі бір тұжырым бар. Оның себебі екі саланың да, лексикология мен грамматиканың, зерттеу нысаны біреу болуында, ол - сөз. Сөз дегеніміз тілге негізгі таяныш та, арқау да болып қызмет ететін аса күрделі тұлға. Сөз - күрделі категория. Өйткені сөз тілдің әр саласының зерттеу нысаны. Күрделілігі сонда оның сыртқы дыбыстық жағы, ішкі мағыналық жағы, шығу жән даму тарихы, жасалу және қолданылу ерекшеліктері, түрлену

және өзгеру жүйесі бар. А. Ибатов сөз туралы ғылыми пікірлерді алты қырынан қарап таниды:

- 1) Сөйлемнің ең шекті минимумы (предельный минимум предложения)
- 2) Синтаксистің минималды бірлігі
- 3) Сөйлеудің минималды бірлігі
- 4) Өз бойында фонетикалық, семантикалық және грамматикалық белгілерді біріктіре алатын бірлігі
- 5) Шындықтың элементін көрсететін элементі
- 6) Сөйлеудің бірбүтін және дербес элементі (Ибатов, 1983, 32-б. Сөздің морфологиялық құрылымы).

Осы сипаттауға бір зерделеп қарап көріңіздер. «Синтаксистің минималды бірлігі – сөз» және «Сөйлеудің минималды бірлігі – сөз» дегеніне қалай қарайсыздар? – проблемалық сұрақ!

Салыстырып қарасақ, грамматикалық құрылысқа қазақ тілі зерттеушілері морфология мен синтаксисті ғана жатқызса (қараңыз төменде Қ Жұбанов, жоғарыдағы анықтамалар), ағылшын зерттеушілері фонологиядан бастап, морфология, синтаксис, семантикаға дейін енгізеді. Тілдің табиғатын түсіну үшін бәрі қажет, грамматика ережелерін білу қажет деген.



Грамматика өзгеріссіз болмайды. «Бұрынғы грамматистер де, қазіргі кездегі грамматистер де грамматика өзгеріссіз деген пікірді ұстанбайды» (ТБК авторлар).

2. *Дескриптивті* немесе *сипаттамалы* грамматика. Спикердің /сөйлеушінің тілдік қабілетінің деңгейін лингвист белгілі бір үлгі арқылы түсіндіре алса, бұл грамматика мен тілді табысты сипаттау болып саналады. Мұндай үлгілер *дескриптивті* немесе *сипаттамалы* грамматика деп аталады. Сипаттамалы грамматика сізге қалай сөйлеуді үйретпейді, керісінше, тіл туралы негізгі түсінікті қалыптастырады. Бұл пән сізге қалай сөйлеу, түсіну және тұжырым жасауға болатынын, сіздің тіліңізде қандай дыбыстар, сөздер, тіркестер мен сөйлемдер бар екенін түсіндіреді» (Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе )

Дескриптивті грамматикамен қатар *прескриптивті грамматика* деген бар. Қай кезде де тіл пуристері кейбір тілдік ережелер басқа тілдік ережелерден дұрысырақ деп ойлайды.

Өйткені олардың пікірінше, білімді адамдар тілдік нормаларды біліп, «дұрыс» сөйлеп, жаза білуі шарт, оны бұзу - тілді бұрмалау. Бұл бағытты 1 ғасырда гректер, 8 ғасырда араб ғалымдары және 18-19 ғ. көптеген ағылшын грамматистері ұстанған. Олар грамматикалық ережелерді анықтағаннан гөрі құрастырумен айналысқан. Бұл бағыт прескриптивті бағыттың пайда болуына себеп болды.

Қайта өрлеу дәуірі кезеңінде «орта тап» өкілдерінің балаларының арасында «жоғары таптың» диалектісін қолданып сөйлеуге тырысушылық болған. Бұл прескриптивті грамматика зерттеулеріне қызығушылық тудырды. 1972 жылы епископ Роберт Лоуф «Ағылшын грамматикасына сыни талдауға қысқаша кіріспе» деп аталатын зерттеуінде ағылшын тіліне қатысты көптеген ережені сипаттайды. Грамматикасын баспаға ұсынар алдында «жоғары тап», «орта тап», «төменгі тап» өкілдерінің ешқайсысына өзін жатқызбайтынын ескертеді. Дегенмен Лоуф «екі бұрыс нәрсе дұрыс нәрсе жасауға көмектесетінін» айта келе, «олар менде жоқ, олардың болмауы ережелердің біртекті болуына әкелді» дейді. Көптеген ережелер латын тілінің грамматикасы негізінде құрастырылып, ағылшын тілі үшін маңызды болды. Лоуфтың беделі күшті болғандықтан жаңа тап өкілдерінің барлығы оның тілінде «дұрыс» сөйлеуге тырысты. Оның грамматика ережелерінің көпшілігі заң тұрғысынан қабылданып, жоғары өкілетті тұлғалар тілдік диалектіні қолдана бастады. Лоуфтың прескриптивті грамматикасы дискриптивті грамматикадан басқаша. Оның мақсаты - тілдегі заңдылықтарды сипаттау емес, олар бағынуға тиісті тілдік грамматикалық ережелерді үйрету. Атақты Британ премьер министрі Уинстон Черчилль бұл ережелерге қарсылығын былайша білдірген: «Бұл барып тұрған ақымақтық, мен мұны қолдана алмаймын».

Прескриптивті грамматиканың қазіргі сөздіктердегі анықтамасы да осыған ұқсас:  
**prescriptive grammar**

*noun*

an approach to grammar that is concerned with establishing norms of correct and incorrect usage and formulating rules based on these norms to be followed by users of the language.

- *She said his grammar was terrible.*

<https://www.dictionary.com/browse/prescriptive-grammar>

«грамматикаға дұрыс және бұрыс қолдану нормаларын белгілеуге және тілді пайдаланушылар ұстануға тиіс осы нормалар негізінде ережелерді тұжырымдауға қатысты тәсілдеме».

Грамматиканы теориялық және практикалық грамматика деп бөлу. Теориялық грамматика лингвистиканың жалпы принциптері негізінде құрылымдарға және мектептер мен тәсілдемелерге талдау береді. Практикалық грамматика – лингвистикалық құрылымдарды қолданудың практикалық ережелерін береді.


Бүгінде теориялық грамматиканың кез-келген курсы тілдің грамматикалық құрылымын оның барлық бөлімдері өзара байланысты жүйе ретінде сипаттауға қызмет етеді. Бұл - теориялық грамматиканың мақсаты. Теориялық грамматика дескриптивті грамматика деп, практикалық грамматика прескриптивті грамматика деп аталады (қашалықты дұрыс күмәнді?).

Практикалық грамматика қолданудың белгілі бір ережелерін жасап береді (ұсынады) және дұрыс сөйлеуге немесе жазуға оқытады. Теориялық грамматика тілдің фактілерін береді, оларды жасап бермейді, талдап көрсетеді. Прескриптивті грамматикаға грамматика дұрыс қолданыстың ережелері болып табылады; оның мақсаты дұрыс деп саналатынды ұсыну. Дескриптивті грамматист үшін грамматика тілдің құрылымын жүйелі сипаттау болып табылады.

Грамматиканың *тарихи* түрлері: Дәстүрлі (прескриптивті және құрылымдық емес дескриптивті), Құрылымдық дескриптивті, Трансформативті-генеративті. Панини (б.ғ.д. 4 ғасыр) өзінің Санскрит грамматикасымен, оның ішінде Санскрит морфологиясы,

синтаксисі және семантикасының 3959 ережелерін құрастыруымен белгілі. Грамматикасы «Сегіз тарау (кітап)» мағынасын білдіретін «Аштадхьяи» деп аталады.

Ежелгі Грекия мен Римде грамматика барлық жазба жұмыстарға қатысты қолданылған. Дәстүрлі грамматиканың негізі ежелгі грек ойшылдары - Дионисий Тракс, Плато мен Аристотель еңбектеріндегі принциптермен қаланған. Дионисий Тракс гректің толық грамматикасын жазған бірінші адам. Оның грамматикасы 13 ғасырға дейін қолданылған. Тракс сипаттаудың негізгі екі бірлігін – *сөйлем* (логос), грамматикалық сипаттаудың жоғарғы шегі, және *сөзді*, грамматикалық сипаттаудың минималды бірлігін, ажыратқан. Сөйлем «аяқталған ойды білдіреді» деп анықталған. (әрі қарай өздері қарайды)



Неміс тілінің грамматикалық теориясын зерттеген Стефан Мюллер (Stefan Müller) формалды грамматикалық теорияларды қарастыра келіп, оның қазіргі лингвистикалық теориялауда (теоретизировании) рөл атқаратынын атап өтеді.

Phrase Structure Grammar,  
Transformational Grammar/Government & Binding,  
Generalized Phrase Structure Grammar,  
Lexical Functional Grammar,  
Categorial Grammar,  
Head-Driven Phrase Structure Grammar,  
Construction Grammar,  
Dependency Grammar

Tree Adjoining Grammar (Stefan Müller. Grammatical theory: From transformational grammar to constraint-based approaches. 2020).

#### 1. Қазақ грамматика теориясындағы жаңаша бағыт-пайымдаулар

Грамматика теориясын оқытуда ғылымның кейіннен қосқан өзгерістері мен зерттеулерін есепке алған дұрыс. Осы орайда мынадай мәселелерде жаңаша көзқарастардың болуын атап айтамын: **сөзжасам саласының жеке сала** болып орнығуы грамматиканың морфология саласындағы кейбір тілдік ұғымдарға басқаша көзқараспен қарау керектігін көрсетті. Сөз таптары ұғымы екі салада да - сөзжасамда да, морфологияда да - қарастырылып келді. «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам саласы» еңбегінде (Оралбаева Н. т.б. 1989) сөзжасам мәселелері сөз таптарының жасалуы аясында қарастырылды. С.Исаев кейіннен сөз

таптарының сөзжасамға қатысы жоқ, сөзжасам сөз жасау процесін ғана қарастырады деп жігін аша көрсетті. Сөздердің сөз табына бөлінуі сөзжасамнан кейін болатын процесс. Ең алдымен «жаңа мағыналы сөздер туады, бұл - бірінші дәрежедегі тілдік құбылыс, ал сөз табына қатысы - екінші дәрежедегі құбылыс» деп айқындады. Осы екінші дәрежедегі құбылыс қана морфологияда қарастырылуы керек. Сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық тәсілдері сөз таптары аясында, лексика-семантикалық тәсілі лексикология мен морфология салаларында айтылып келді. С.Исаев: «Бұл тілдік құбылысты белгілі бір сөз тудырушы қосымшалар арқылы бір сөз табынан екінші сөз табы немесе бір сөз табының өз ішінде жаңа мағыналы сол сөз табын тудыру процесі деп айқындап жүр. Сөйтіп, бұл - сөз тудыру немесе сөзжасам проблемаларынан гөрі жеке сөз табын жасау проблемасы болып, сондықтан лексика-семантикалық сипаттан гөрі грамматикалық құбылыстың шеңберінде қалып отыр. Соның нәтижесінде грамматикаларда да, ірі арнайы зерттеулерде де қосымшалар арқылы синтетикалық тәсілмен сөз жасау жекелеген әрбір сөз табының құрамында ғана қаралып келеді... Ал сөз табы болса, ол - сөздердің грамматикалық сипатына байланысты жіктелетін тобы», - деген (1998).

**Келесі:** кейбір грамматикалық элементтер жайлы әлі де бірізді пікірге келген емес. Ол реңк мәнді жұрнақтарға қатысты мәселе. Сөзжасам еңбектерінде -ғыш, -ғылт, -ғылым, -аң, шыл, -шіл, -шілтім сын есімнің жұрнақтары, *үйшік, көкөтай, Берікжан* сияқты қолданыстарды сөзжасамда да, морфологияда да, енді бір зерттеушілер тек грамматика саласында қарастыру керек дейді. Грамматикалық еңбектерде аталған жұрнақтардың сөздің лексикалық мағынасын өзгертіп жібермей, үстеме мағына қосатыны айтылады. «Бірақ сөз тұрғысынан, сөз функциясын атқаруы жөнінде олардың әрқайсысының дербестігін тануға болады. Осы жағдайлардың бәрін ескеріп, ондай көрсеткіштердің мағынасын да сөзжасамдық мағына қатарында аламыз», - деген Н. Оралбаева және т.б. ғалымдар. С.Исаев: «Сөзжасам және сөз тудыру тәсілдері» бөлімінде «кітапша, бөлімше, сарайша, сандықша немесе сұрша, ұзынша, толықша, ақша т.б. сөздердегі -ша қосымшасын сөз тудырып тұр деу қиындау», - дейді.

**Келесі:** күрделі сөздер және оның түрлері. Мысалы, тіркесті сөздер, қос сөздер. Осы күрделі сөздердің бәрі сөз тудырып, жаңа мағынаға ие бола ма деген мәселеде ғалымдар пікірлері әртүрлі. Егер сөз жасайтын болса, олар грамматикалық құрылыстан гөрі сөзжасамның аясына көбірек жақындайды. Оралбаева және т.б. ғалымдар қос сөздердің *қап-қап, ұзын-ұзын, бес-алты* сынды түрлерін, тіркесті сөздің біраз түрлерін лексикалық бірліктер ретінде таниды. Оған қарсы пікірді С.Исаев айтады: «...ыдыс-аяқ, кәрі-жас, т.б. сияқты қос сөздер жаңа сөздер болып табылады, ал мая-мая, қора-қора немесе үп-үлкен, сап-сары, ат-мат, шай-пай т.б. басқаларды толық мәнді жаңа туындылардың қатарына жатқызуға бола ма?» Боз торғай, қара торғай, боз құнан, қара құнан. Қайсысы күрделі атаулар, қайсысы жоқ? *Боз торғайды сары торғай, ақ торғай* деп айта алмаймыз, өйткені олар номинативтік (атаулық) мағынаға ие болған сөздер. Ал *боз құнан* дегенде оны жиренмен, құламен басқа да түстермен ауыстыра аламыз. С. Исаевтің сөзі.

**Келесі:** туынды сөз бен туынды түбір арақатынасы, сондай-ақ қосымшаларға қатысты мәселелер. Туынды сөз термині көпке дейін туынды түбір терминімен аражігі ашылмай бірінің орнына бірі қолданылып келді. *Жалшы, еңбекқор, салауатты* деген сөздерді туынды сөз деп те, туынды түбір деп те атай бердік. *Туынды сөз* терминінің мағынасы *туынды түбір* термині мағынасынан кең. Туынды түбір - туынды сөздің бір түрі ғана. Туынды түбірге сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған сөздер ғана жатады. Ал туынды сөзге *басқар, бүгін, қыр мұрынды* сөздерінің бәрі жатады.

Жалғаудың көптік түрі. Неге С.Исаев көптік жалғауды сөз формасын жасаушы жұрнақ деп қарайды?!

Ғылым үнемі дамып отырады, баяу болса да. Қазіргі ғылымның дамуында грамматиканы зерттеудің жаңа бағыттары қалыптасты. Олар функционады грамматика, компьютерлік лингвистикада грамматика саласын жеке алып қарастыру т.т.

**Келесі:** функционалдық грамматика. Мағына мен қызмет, тұлға мен қызмет ұғымдары тереңдей қарастырылып, қызметті негізгі зерттеу тәсілдемесі ретінде ұстайтын зерттеушілер грамматиканың функционалды бағытын қалыптастырды.

**Келесі** грамматиканың компьютерлік түрі. «... компьютерді адам тілі грамматикасына негізделген ережелерге сәйкес модельдеуге бағдарламалап қоюға болады. ... Грамматика деген шексіз, оның лингвистикалық ережелерге сәйкестігін тексеру үшін өте көлемді жұмыс атқарылуы тиіс. Осы тұрғыда компьютерлердің маңызы зор» (514б Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе [мәтін] / ауд. М.Жаңабекова, Б.Мизамхан, Ұ.Ісләмова // Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық.- Алматы, 2018).